«Жылыойсу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ауыз суды таратушы желілер арқылы және сарқынды суды бұруға көрсетілген, сонымен қатар жылу қызметтерінің 2026 жылғы 1 жарты жылдық бойынша тұтынушылар алдында есеп беру қорытындысы бойынша тыңдаудың

ХАТТАМАСЫ

24 шілде 2026 жыл

Құлсары қ.

Қатысқандар: «Жылыойсу»МКК мекеме қызметкерлері, Құлсары қаласының тұрғындары

Күн тәртібінде

«Жылыойсу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Құлсары қаласымен Жаңа Қаратон кентінің тұрғындарымен кәсіпорындарын ауыз сумен қамтамасыз ету, кәріз су қызметі, ауыз су және кәріз су құбырларының, ауыз су айдау және кәріз су айдау станцияларының жұмысын қадағалау, кідіріссіз жасауын қамтамасыз ету, күнделікті болатын әр түрлі деңгейдегі апаттық жұмыстарды жөндеумен және сонымен қатар орталық жылу қазандығы арқылы көп қабатты үйлерге жылу берумен айналысады.

1.Оңдасов С -«Жылыойсу» МКК өндірістік техникалық бөлімінің бастығы.

Құлсары қаласына ауыз су «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС-не қарасты су тазарту станциясынан (ВОС) тазартылған күйінде алынып, «Жылыойсу» МКК-ның су айдау станциясымен (ВНС) беріледі. 2026 жылдың 6 айында (қаңтар-маусым) қалаға біздің тарапымыздан 1204,3 мың м3 су берілді, 2026 жылға 2830,0 мың м3 су жоспарланып отыр. Суды пайдаланушы абоненттер саны 15729, оның ішінде жеке тұлға -14779, заңды тұлға-950.

(2026 жылғы 1 жарты жылдықта жасалған жұмыстар)

1.2026 жылы 6 айда көп пәтерлі бұзылған 4 үйлердің ауыз су құбырлары экскаватормен қазу арқылы ажыратылды.

2. Мердігерлік мекеме тарапынан су айдау станциясының (ВНС) аумағынан жаңадан су тазарту станциясының (ВОС) құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

3. Құлсары қаласындағы тозығы жеткен, жарамсыз 2710 метр ауыз су құбырлары жаңартылды, атап айтқанда :

-Достық ықшам ауданынан 550 метр жарамсыз темір құбыр орнына және су құбыры жүргізілмеген кейбір көшелерге (Береке ы.а. 200 метр, Автожолшылар ы.а., 440 метр) жаңадан құбырлар жүргізілді.

-1 ауыл Махамбет даңғылы бойында 500 метр (Қ.Кенжеғалиев көшесінен Ж.Надиров көшелері аралығы).

5 ауыл Қ.Күрімжанұлы көшесі -820 метр (Е.Халықов мектебінен К.Төлесінов көшесі аралығы).

- Жадырасын ықшам ауданы К.Закарияұлы көшесі -400 метр (Жадыра дүкенінен Назым дүкеніне дейін).

4. Көшелік су, канализация құдықтарындағы 58 дана әр түрлі диаметрлі жарамсыз задвижкалар жаңа задвижкалармен ауыстырылды, Д-150мм-23 дана, Д-100мм-31 дана, Д-50мм- 4 дана.

5. «Жылыойсу» МКК-ның тарапынан жаңадан 73 тұрғын үйлерге су құбырлары жүргізіліп берілді.

6.Ауыз су және кәріз су құдықтарының бетон жабындылары және қақпақтарын техникалармен басып, сындыру және қақпақтарды тұрғындар тарапынан ұрлап кету фактілері азаймай отыр, сол бойынша 25 дана ашық қалған құдықтардың беті қақпақтармен жабылды, кейбір құдықтардың айналасына темір қазықтар қағылып, қоршалды.

7.Мекемедегі 7 дана вакуум көліктері халыққа тиімді, арзан бағада қызмет көрсетіп келеді.

8. 2026 жылдың жарты жылдығында кәріз су құбыры бойынша 8 ауыл А.Қорғанбаев көшесіндегі жүрмей тұрған 30 метр құбыр жаңартылды және сонымен қатар КНС-2-мен КНС-8 аралығындағы қысымды кәріз су құбырының 220 метрі жаңадан жүргізілді.

9. Қала бойынша ауыз су құбырында 37 апаттық жағдай тіркелді, оның ішінде 14 дана өрт сөндіру гидрантының асты шіріп кетуі салдарынан болған жағдай жөнделді.

10.Көктемгі жауын-шашын салдарынан пайда болған көше бойындағы суларды вакуум автокөліктерімен алу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Барлаушы ықшам ауданы тұрғындарының сұранысы бойынша «Жылыойсу» МКК тарапынан вакууммен жер астынан шыққан суларды алу жұмыстары атқарылды.

11.№3 ықам ауданы Ш.Ізбасов көшесі бойындағы сол жердегі тұрғын үйлерге кедергі жасап тұрған темір жылу құбыры кесіліп алынып тасталды.

12. №1,2,3,4,5 ықшам аудандар және тағы басқа жерлердегі көшелік кәріз су құдықтарын пайдаланатын тұрғындарын тарапынан үнемі құдықтардағы су жүрмей бітеліп қалады, себебі құдықты тазалаған кезде әр түрлі тұрмыстық қалдық, маталар шығады, сол себепті кәріз су құдықтарын үнемі вакуум және жұмысшылардың күшімен тазартылып отырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи Монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 2026жылғы 16 сәуірдегі №16-НҚ бұйрығына сәйкес «Жылыойсу»МКК-ның 2025-2030 жылдарға арналған Құлсары қаласы бойынша суды таратушы желілер және магистральдық құбырлар арқылы ,сарқынды суларды бұру және тазарту реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тұтынушы топтар бойынша сараланған тарифтері 2026 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді.

	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	Департаментпен бекітілді ҚҚС-мен
1.	суды тарату желілері және магистралдық құбырлар арқылы беру		
		тенге/м3	
1.1.	халық		265,96
1.2.	басқа тұтынушылар		506,36
2.	суларды бұру және сарқынды суларды тазарту		
		тенге/м3	
2.1.	халық		178,91
2.2.	басқа тұтынушылар		425,99

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи Монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 16 сәуірдегі №15-НҚ бұйрығына сәйкес «Жылыойсу»МКК-ның Құлсары қаласы бойынша жылу энергиясын өндіру,беру,бөлу және жабдықтау реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тарифті 2026 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді.

№	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	Департаментпен бекітілді ҚҚС-мен
1.	жылу энергиясын өндіру,беру,бөлу және жабдықтау		
1.1	жылумен жабдықтау	тенге/Гкал	3 580,11
1.2.	жылуға	тенге/м2	85,92
1.3.	ыстық сумен жабдықтау аспаптары бар	тенге/м3	159,46
	ыстық сумен жабдықтау аспаптары жоқ	тенге/м3	583,56

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи Монополияларды реттеу комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің 2026жылғы 16 сәуірдегі №14-НҚ бұйрығына сәйкес «Жылыойсу»МКК-ның Жылыой ауданы Жаңа Қаратон кенті бойынша суды таратушы желілер арқылы және сарқынды суларды бұру реттеліп көрсетілетін қызметтеріне бекітілген тарифтері 2026 жылғы 1 мамырдан қолданысқа енгізілді.

№	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	Департаментпен бекітілді ҚҚС-мен
1.	суды тарату желілері құбырлар арқылы беру		
1.1.	Орта өткізу тарифі	тенге/м3	380,91
2.	сарқынды суларды бұру		
2.1.	Орта өткізу тарифі	тенге/м3	178,22

Қазақстан Республикасының Су Кодексінің 26-бабының 2-тармағына сәйкес, Атырау облыстық маслихаты 2025 жылғы 25 желтоқсандағы №216-VII шешім қабылданды:

1. Атырау облысының аумағында ауыз су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне еңгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауыз судың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшелері төмендегідей бекітілді:

1.04.2026 жылдан бастап Жаңа Қаратон кенті бойынша халыққа ауыз суды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін – 110 теңге, ауыз суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – 130 тенге.

Қорытынды сөзді өндірістік техникалық бөлімінің басшысы Ондасов С.

-тұрғындардың сын ескертпелерін,өтініштерін есепке алып тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз етуде барлық мүмкіншілікті жасайтынын және дер кезінде жөндеу жұмыстарын жасайтынын, мекеменің алға қарай одан да жақсы халыққа қызмет ететінін айтты.

Жиналыс төрағасы : Исмухашов Ш.

Жиналыс хатшысы : Кайырбекова А.